

Павлодар облысы әкімдігінің 2008 жылғы 9 маусымдағы "Шағын кәсіпкерлік субъектілерін облыстық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттеу шарттарын анықтау туралы" N 140/6 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы әкімдігінің 2008 жылғы 15 шілдедегі N 194/7 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2008 жылғы 30 шілдеде N 3120 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 2014 жылғы 31 қазандағы № 338/11 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облыстық әкімдігінің 31.10.2014 № 338/11 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 172-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы 27-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы N 225 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесінің 449-тармағына, Павлодар облыстық мәслихатының (IV сайланған VII кезектен тыс сессиясы) 2008 жылғы 1 шілдедегі "Облыстық мәслихаттың (IV сайланған III сессиясы) 2007 жылғы 14 желтоқсандағы "2008 жылға арналған облыстық бюджет туралы" N 36/3 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 110/7 шешіміне сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2008 жылғы 9 маусымдағы "Шағын кәсіпкерлік субъектілерін облыстық бюджет қаражаты есебінен бюджеттік кредиттеу шарттарын анықтау туралы" N 140/6 қаулысына (Павлодар облысы әділет департаментінің тізілімінде 2008 жылғы 24 маусымдағы N 3116 тіркелген, 2008 жылғы 28 маусымда N 71 "Звезда Прииртышья" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-тармағында "200" деген сандар "2000" деген сандармен ауыстырылсын;

"6,72%" деген сандардан кейін ", ағымдағы жылғы бірінші жарты жылдықта бөлінген 200 млн. теңгеге" деген сөздермен және сандармен, мына мазмұндағы абзацпен толықтырылсын;

"ағымдағы жылғы екінші жартыжылдықта қосымша бөлінген 1800 млн. теңгеге соңғы қарыз алушы үшін сыйақының белгіленген мөлшерлемесі жылына 13,6%-дан аспайтын мөлшерде қарастырылған, соның ішінде бюджет қаражатын

кредит ретінде беру үшін - бюджет пайдасына аударуға жататыны жылына 7,1%"

2. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

Облыс әкімі

Қ.Нұрпейісов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК